КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 28 желтоқсан №4360-23-00-2/936 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Байбол» атауымен әрекет етуші Айбол Ынтымақұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы
Талап қоюшының өкілі А.М.Түйешиева
Жауапкердің өкілі А.М.Ербаян

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 14 наурызда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында №129 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 1.1 және 2.1 тармақтарына сай өнім беруші бағдарламалық-аппараттық кешен (30 дана термопринтер) тауарын 1 619 100 теңгеге шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенгенімен, орындамаған.

Сәйкесінше талап қоюшы 2023 жылғы 2 мамырда жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

2023 жылғы 28 желтоқсандағы сот ұйғарымымен талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі дауды сотқа дейінгі тәртіп сақталмауына байланысты қараусыз қалдырылған.

Жауапкерден талап қою бойынша жазбаша қарсы пікір сотқа ұсынылмаған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осы соттың 2023 жылғы 16 қазандағы №4360-23-00-2/989 шешімімен осы Шарт бойынша жеке кәсіпкер «Байбол» атауымен әрекет етуші Айбол Ынтымақұлының Қызылорда облысының Полиция департаментіне қойған орындалған жұмыстар актісін жарамды деп танып, ақысын өндіру туралы талап қоюы өнім беруші техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін тауар жеткізуіне байланысты қанағаттандырудан бас тартылған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай, Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жауапкер 1 619 100 теңгеге бағдарламалық-аппараттық кешен тауарын техникалық ерекшелікке сәйкес жеткізбеген. Яғни, жауапкермен Шарт бойынша өз міндеттемесі орындалмаған.

Жоғарыда көрсетілгендей осы соттың 2023 жылғы 16 қазандағы №4360-23-00-2/989 шешімімен осы Шарт бойынша жеке кәсіпкер «Байбол» атауымен әрекет етуші Айбол Ынтымақұлының Қызылорда облысының Полиция департаментіне қойған орындалған жұмыстар актісін

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 08.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Елшібеков Б. Е., 13.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жарамды деп танып, ақысын өндіру туралы талап қоюы өнім беруші техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін тауар жеткізуіне байланысты қанағаттандырудан бас тартылған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 2 мамырда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы 1 725 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Байбол» атауымен әрекет етуші Айбол Ынтымақұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Байбол» атауымен әрекет етуші Айбол Ынтымақұлынан мемлекет кірісіне мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 08.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.02.2024, судья Елшібеков Б. Е., 13.02.2024